

А.А. Галиев

Керей мен Жәнібек



аруна
Б А С П А С Ы

ББК 63.3 (5 қаз)
Г 16

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

А. Галиев

Г 16 Керей мен Жәнібек. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы:
«Аруна» баспасы. 2004. – 92 бет. – «Шығыстың ұлылары»
топтамасы

ISBN 9965-26-014-1

«Аруна» баспасы «Шығыстың ұлылары» деген топтаманың жалғасын ұсынады. «Керей мен Жәнібек» осы топтамаға енген кітаптардың бірі. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда Қазақ хандығының негізін қалаған екі хан Керей мен Жәнібектің өмір жолы суреттелген. Шығарма балалардың танымына жақын қарапайым тілмен жазылған.

Г $\frac{0503020905}{00(05)-04}$

ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 9965-26-014-1

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2004

Мазмұны

Керей мен Жәнібек.....	4
1428 жыл. Маймыл жылы.....	8
Жайтар-Жалқын шатқалындағы шайқас.....	8
Әбілқайыр хан.....	13
Барақ хан	18
Әйіс хан.....	26
Әбілқайырдың таққа отыруы.....	28
Сұлтандардың алғашқы кездесуі.....	31
Өзбек ұлысы.....	34
Шыңғыстықтардың астыртын әрекеті.....	39
Ғлы Жолдың басталуы.....	47
Моғолстан.....	49
Диуаналар.....	54
Қазақия.....	60
Есен-Бұға.....	62
Жүніс хан.....	69
Қалмақтар.....	74
Отан.....	86
Хронологиялық кесте.....	91

Жерей мен Жәнібек

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан туған немерелеріне ұлысты бөліп беруі туралы аңыз ол құрған кең байтақ империяның түкпір-түкпіріне тараған. Оны білмеген, естімеген жан болмады. Қараша үйлерде, дала оттарының басында, сән-салтанатты сарайларда жырланып, бірнеше ғасырды бастан өткізіп, бізге де жетті. Енді сол аңызды сендер де тыңдап көріңдер.

Жошы мерт болған соң оның бір анадан туған үлкен ұлдары Орда-Ежен мен Бату арасында ұлыстың ендігі басшысы кім болады деген дау туады. Дaudың басы таққа таласқаннан емес, ағайынды екеудің тақты біріне-бірі ұсынғанынан шығыпты. Билік туралы дауды шешу үшін олар Жошының басқа әйелдерінен туған ұлдарымен бірге төрелікке Шыңғыс ханға жол тартады. Аз жүрді ме, көп жүрді ме белгісіз, әйтеуір аталарының ордасына келіп жетеді. Ханзадаларды жылы құшақпен қарсы алған Шыңғыс қызметшілеріне үш үй тігуді бұйырады. Батуға (Сайын ханға) арнап алтын босағалы ақ орда, Орда-Еженге арнап күміс босағалы көк орда, Шибанға арнап болат босағалы боз орда орнаттырады. Тоқай-Темірге тіпті жабық күйме – арба да қойғызбаған.

Шыңғыс хан Батуды басқа немерелерінен осылайша ерекше құрметтеп, мұрагерлік мәселесін шешіпті. Ағайындылармен бірге халық та бұл шешімге келіскен.

Шыңғыс хан – данагөй адам. Батудың өзінің ісін жалғастыратынына кәміл сенген. Ол қателеспеді, болжа-

мы тура келіп, немересі ойынан шығады. Бату – Сайын хан көп жерді жаулап алады. Бірде, батысқа жасаған жорықтан қайтқан сапарында ол Ежен атанған Орда есімді інісіне: «Бұл жорықта ерен еңбегің сіңді, он мың үйлі жан мен әкеміз тұрған өңір сенің меншігіңе тиеді», – дейді. Орда-Ежен төрт бауырымен және өз жасағымен Жошы әулеті әскерінің сол қанатын ұстап, «сол қанат ханзадалары» атағын алады. Ал Батудың өз иелігі мен Орда-Еженнің иелігінің арасындағы жерлер Шибанға тиесілі болады. Бату оған он бес мың үйлі жан мен көшті, найман, қарлық, бұйрақ атты төрт тайпаны бөліп береді. Шибанның және Шибан ұрпақтарының әскері Жошы әулетінің оң қанатына кіреді.


Жошы ұлысы Алтын Орда атауымен танымал. XIV ғ. ортасынан бері осы ұлан-байтақ мемлекеттің көшпелі халқы өзбектер деп атала бастайды.

Шығыс Дешті Қыпшақ XV ғ. бастап Өзбек ұлысы* атанады.

XV ғ. 20-жылдары – Өзбек ұлысында соғыстың қызып жатқан шағы.

* Өзбек ұлысына қазіргі Орталық, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс және Батыс Қазақстан аймақтары кірген.





1428 жыл.

Маймыл жылы

Жыл қайыруды ойлап табушы түріктер Маймыл жылына түрліше мінездеме береді. Маймыл – ұшқалақ, жеңілтек, тентек жануар. Осы қасиеттеріне байланысты Маймыл жылын да дәл осылай елестетеді. Шын мәнінде солай ма, жоқ па, сену қиын. Әйтсе де 1428-1429 Маймыл жылы көп оқиғаның куәгері болды.

Жайтар-Жалқын шатқалындағы шайқас

Ул ибан ұрпағы – Жұмадік хан бетін киелі Мекке жаққа қаратып, тізерлеп тұр. Іштей күбірлеп дұғасын оқып, асықпай орнынан көтерілді. Оның артынан әскербасылары да түрегелді.

– Тәуекел, – деді Жұмадік хан, – Жасаған ием жар болсын!

Ұрыстың сәтті өтуіне бата алып, әскербасылар өз түмендеріне беттеді. Хан маңында уәзірлер мен жаушы-хабаршылар қалды.

Жұмадік хан төбенің басына шығып жан-жағына қарап тұр. Осы жерден Жайтар-Жалқын шатқалы, маңайдағы өзендер мен сайлар, мәңгіге көз жұмған батырлар жатқан ескі қорғандар

алақанда тұрғандай анық көрінетін. Хан қолын жоғары көтеріп, сермеп қалғанда дабылдың дауысы жер жарды. Оларға маңғыт ба-
рабандары үн қосты. Дабылға ілесе даңқты бабалардың аруағын
шақырған ұрандар көк пен жерді тағы да дүр сілкіндірді. Мындаған
аттар шаңды аспанға көтеріп, бір-біріне қарсы ұмтылды. Ұзақ
күнге созылған қан майданда бір кездері бір жеңнен қол, бір
жағадан бас шығарған, ал бүгіндері толып жатқан хандар мен
әмірлердің талан-таражына түскен Дешті Қыпшақ балалары бір-
бірімен қырылысып, бір-біріне қару сілтеуде. Жеңістің кімге ти-
етінін аңғару мүмкін емес. Көз алдында өтіп жатқан қанды сурет-
ті дегбірсіздене бақылап тұрған Жұмадік ханға өз әскері жауды
жеңіп бара жатқандай көрінді. Кенет оның әр қимылды мүлт жі-
бермей танитын сақ құлағы ұрыстың үйреншікті әуенін бұзатын
бір үрейлі дыбысты шалып қалды.



Осы сәтте астындағы аты қара терге түскен жас жігіт төбе басына шауып келеді. Бет-аузын қан жапқан, бірақ оны сезіп тұрған ол жоқ.

– Тақсыр, жаудың жолын бөгеуші жасақтарымыз жойылды. Жау ту сыртымыздан соққы беріп жатыр. Өздері өте көп, – деп айқай салды.

Соғыс алаңындағы жағдайдың күрт өзгергенін одан бұрын байқаған Жұмадік хан жас жауынгердің сөзіне құлақ салмады. Аяқ астынан пайда болған аттылардың қолындағы тудың түсіне қарап-ақ маңғыттарға көмекке оның алыс туысы, даңқты Шыңғыс ханның тұқымы – Жошы әулетінен тарайтын Қажы Мұхаммедтің келіп жеткенін түсінді.

Жұмадік ханды енді тіпті құдіретті Көк Тәңірі де құтқара алмас. Ханның ұрысқа барлық күші жұмсалды. Ашудан түрі қашқан ол:

– Неғып тұрсыңдар мал сияқты! Ұрысқа кіріңдер! – деп айғай салды.

Өзі де атына қарай тұра жүгірді. Қарғып мініп, майданның нағыз қызу жеріне туралай шаба жөнелді. Қылышын жүре қолына ілген хан лезде аласапыранның ішіне қойып кетті. Оның ізінен асыға-үсіге нөкерлері ілесті. Бәрінің алдында атын омыраулатып, топтан оза шыққан Шибанның тұқымы он алты жасар Әбілқайыр сұлтан келе жатыр. Ол – осы ұлысты бір кездері басқарған Дәулет шахтың баласы. Шахтың өлімінен соң билікті Софы хан, сонан кейін оның баласы Жұмадік хан тартып алған. Осы шақта Әбілқайыр әлі бала еді. Оның Жұмадік ханға қызмет етуіне тура келді. Дегенмен бала Әбілқайыр әке мұрасынан айырған Жұмадікке және басқа туыстарына кек сақтап, билікті өз қолына алуға жеткізетін күнді армандап, аңсап жүретін.

Ұрыстың у-шуынан есі кеткен Әбілқайыр да майданның қайнаған ортасына ұмтылды. Жастығына қарамастан, қылыш ұстауды тамаша меңгерген. Бірақ ол бұл өнерін маңғыттарға қарсы қолдануды ойлаған жоқ. Оның іздеген жауы басқа. Жан-жақтан жауған соққылардан қорғана отырып, көздеген ата жауына жақындай берді.

Сарбаздар Жұмадік ханның кескілескен айқасқа кіргенін көріп, рухтанып, тіпті маңғыттарды тықсыра бастады. Сәл шыдаса, жеңіс қолдарына көшетіндей де көрінді. Дегенмен бұл шабыт ұзаққа созылмады. Бір сәтте Жұмадік хан тура келген найзадан қашып үлгермей, ажал оғына ұшырады. Басшысыз қалған шибандықтардың ұнжырғасы түсіп, соғыс алаңынан тайып отырды. Артынан маңғыттар мен Қажы Мұхаммед әскері қуа жөнелді. Қуғыншылар жеткендерін өлтіріп, тірі қалғанын тұтқынға алды. Қорғаусыз қалған өзбек қоныстарын сүзіп өтіп, мал-мүлік пен олжаға кенелді. Жас қыздары мен келіншектерін әйелдікке алды. Тұтқынға түскен ерлері мен жас жігіттерін Самарқанд, Бұхара базарларында құлдыққа сатты.


Тұтқындардың арасында Әбілқайыр да бар еді. Әбілқайырды маңғыттар өлтіруге асықпады. Киім киісінен-ақ тұтқынның тегін адам емес екенін бірден сезген. Оны құл базарында сатудың мәні жоқ. Ол үшін жақсы құн алулары мүмкін. Ақырында ақсүйек тұтқынның тағдырын ел билеушілерінің қолына тапсыруды шешеді. Қолы қайырылып байланған Әбілқайырды маңғыт билерінің алдына алып келеді. Олар бұрынғы әмірші Дәулет шахтың ұлын бірден таниды. Тұтқын бола тұрса да, Әбілқайырды Шыңғыс ханның ұрпағы ретінде қарсы алады. Қолын босатып, ақ үйге кіргізуге бұйрық береді. Сақтықта қорлық жоқ деп, оған күзет қояды.

Маңғыт билері жас тұтқынның тағдырын көпке созбай шешеді.

– Жұмадіктің әкесі кезінде Әбілқайырдың әкесінен тақты тартып алған. Әбілқайырдың осыны білмеуі мүмкін емес. Бұл әлі балаң жігіт. Жұмадік ханның қарамағында өз еркімен жүрген жоқ болар. Кім біледі, хан тағына отырып, әлі бізге үлкен көмегі тиер, – деді бектер. – Оны босату керек. Өз жөнімен кетсін.

Сөйтіп Әбілқайырға қаруын қайтарып, аласапыран қуғын-сүргінде жыртылған киімдерінің орнына жаңа киім кигізеді.

Бірнеше күн маңғыттарда болып, күш жинаған Әбілқайыр жау шебін артқа тастап, жолға шығады.



Әбілқайыр хан

Алықтың есінде сақталып қалған Жайтар-Жалқын ұрысынан кейін көп уақыт өтпей-ақ елде тағы да ат тұяғы дүбірледі. Шығыс Дешті Қыпшақтың түкпір-түкпірінен ақсүйектер мен құрметті адамдар Тура (Батыс Сібір) аймағына ағылды. Мұнда үлкен құрылтай өткізілмекші. Шабармандар бірнеше күн бұрын ат шаптырып, ел-жұртты мемлекеттегі ең маңызды істі шешуге – хан сайлауға шақырды. Көптен күткен хабарды ести сала, ел бар жұмысын тастап, жиналыс болатын жерге жетуге асықты. Ескі дәстүр бойынша олар құрылтайға қаруларын асынып барды. Қаруды тек еркін адам ғана алып жүре алатын және тек еркін адамның ғана дауыс беруіне рұқсат берілген. Оған қоса бұл кезде елде мазасыздық пен үрей бел алған, сондықтан болар алыс жолда қару-жарақтың зияны жоқ деп ұйғарғандар да табылды.

Құрылтайшыларды тігулі отаулар мен жаюлы дастарқан күтіп тұрды. Жан-жақтан от жағылып, қазан көтерілді. Күтушілер дамыл таппай, келген адамдарды арнайы тігілген үйлерге бөліп орналастыруда. Сол үйлерге үсті-үстіне ет пен қымыз да тасылып жатыр. Рубасылары үйден үйге кіріп, хан сайлау мәселесін талқылауда.

Дала заңы бойынша хан тек Шыңғыс ханның тұқымынан шығуы тиіс. Алтын Орда атанған бұл жерді Шыңғыс хан өзінің үлкен ұлы Жошының қол астына берген. Ал Жошының балалары өте көп, олардан тараған сансыз ұрпақтары бір-бірімен билікке таласуда. Ақыл-жігері аз, атаққұмар әкімдер мен тақ үміткерлерінің бақталастығының кесірінен Алтын Орда күйреді.

Жошы ұрпақтары осылай соғысып, сарбаздарын жоғалтып, байлығын шашып жатқан шақта Шибанның ұрпақтары

күшін кейінге сақтап отырған. Сөйтіп күндердің бір күнінде Алтын Орданың орнында құрылған мемлекет, Өзбек ұлысы – Ақ Орданы билеуге өз құқықтарын білдіреді. Алайда Шибан әулеті ішінде де өзара татулық, ынтымақтастық болмаған. Енді тақтың тағы да босаған сәтін пайдаланып жас Әбілқайыр әке тағын қайтарып алуға талаптанды. Мұның да сәті түсті, бірақ Әбілқайыр тым жас. Таққа үміткерлер де көп. Олар өздерін жақында хан боламын, сол кезде шыққан шығынның орнын толтырармын деген оймен әрбір руды бастап келген өкілдерді барынша күтіп, ағыл-тегіл дастарқан жайды. Әбілқайыр да қалыс қалмады. Басқалар сияқты ол да жиналғандарға дәм татқызып, ұзақ әңгімелесті. Елді өзіне тартуға тырысты.

Міне, хан сайланатын күн де жетті. Әрбір рудан жиналған өкілдер бар жақсысын киіп, шебер ұсталардың қолынан шыққан қымбат, асыл тастармен безендірілген әдемі қару-жарақтарын асынып, келісілген жерге бет алды. Жерге төселген киіз бен кілемдерге жайғасып, бір-бірімен амандық-саулық сұрасқан соң, хан тағына отыруды көздеген сұлтандардың қадір-қасиеттерін талқылауға кірісті. Жиын қыза бастады. Тіпті кейбір қызба мінезділер қаруына жармасты. Оларды тіпті күшпен басуға тура келді. Айғай-шудан кімді хан сайлап жатқандарын ұғу мүмкін емес. Құрылтайға жиналғандар ортақ келісімге келе алмайтындай көрінді.

Ақырында дау-дамайдан шаршаған халық, тыныштала бастады. У-шу біртіндеп басылды. Осы кезде қарлұқ тайпасының басшысы, бүкіл ел қадірлейтін Сарыбай ақсақал орнынан тұрып, қолын көтергенде жұрт бір сәтке жым болды да, қарияның сөзіне құлақ салды.

– Айтыңыз, қадірменді ақсақал, – деп шулады тұс-тұстан.
– Айтыңыз, сұлтандардың ішіндегі ең ақылдысы кім? Мемлекетті басқару кімнің қолынан келеді? Сіздің руыңыз кімді қолдайды?

– Біздің ұлыста таққа лайықты сұлтандар көп, – деп бастады сөзін Сарыбай. – Қайсысы болса да халықты

басқара алады. Бірақ біз соның ішіндегі лайықтының да лайықтысын таңдауымыз керек. Мен Әбілқайырды сайлауды ұсынамын.

– Ол әлі жас емес пе, өмірден не көрді дейсің? Мемлекетті басқару оңай тірлік емес, – деп тағы да жан-жақтан шулап кетті. Дау қыза-қыза, айғай-шуға ұласты.

Сарыбай даудың ақырын күтті. Сонан соң тағы қолын көтеріп, жұртты тәртіпке шақырды. Ел тынышталған соң, сөзін жалғастырды.

– Әрине, біз ең ақылды, дана адамды сайлағымыз келеді. Даналық жас өсе келмей ме? Әрине, біз ең күшті адамды сайлағымыз келеді. Ал күш пен ақыл әрқашан егіз бола бермейді. Әбілқайырдың әкесі Дәулет шах ұлысты басқара отырып, ұлын болашақ хан ретінде тәрбиелеген. Әбілқайыр ақылды, бірақ әлі кәрі емес. Әбілқайыр батыл, батылдығы ақылынан кем емес. Жайтар-Жалқын соғысында жаумен қалай шайқасып еді?! Соны естеріңе түсіріңдер!

– Дұрыс айтасың, – деп біреулер айғайласа, екінші тұстан:

– Мемлекет тізгінін жас баланың қолына сеніп беруге болмайды, – деген дауыстар шықты.

Дегенмен Сарыбайды қолдаушылар көп болды. Екі жүзге жуық ірі ру-тайпалардың өкілдері өздерінің ханы он жеті жасар Әбілқайыр болғанын қалады. Олардың ішінде қыпшақтар мен наймандар, маңғыттар мен қарлұқтар, қоңыраттар мен қаңлылар, үйсіндер, құрлауыттар мен кенегестер болды.

Бұл хабарды Әбілқайырға жеткізу ең қадірлі адамдарға тапсырылды. Олар асықпай үлкен ақ үйге қарай бет алды. Онда үміткерлер сайлаудың шешімін тағатсыздана күтіп отырған.

Үйдің табалдырығын аттаған ақсақалдарға сұлтандар сұраулы жүзбен шыдамсыздана қарады.

– Халық өзінің ханы Дәулет шахтың баласы Әбілқайыр сұлтан болғанын қалады, – деді салтанатты үнмен Сарыбай.

Осы сәтте іші күйген кейбір сұлтандардың күрсінісі естілді. Көпшілігінің билік туралы арманы өшіп, тақпен қош айтысты. Ал қатты қуанып, масаттанған Әбілқайыр сыр білдірмеуге тырысты. «Әкім ішкі сезімін жасыра білуі керек» деген әке сөзі есіне түсті.

– Өзбек халқы бабалар дәстүрін сақтағысы келеді, – деді Сарыбай сөзін жалғастырып, – әрі сол дәстүр бойынша Әбілқайырды хан көтергісі келеді.

Әбілқайыр орнынан тұрды. Қасында отырған сұлтандар оның алдында бас иіп, тағзым етуде. Жас ханзада киіз үйден тысқа шықты. Сұлтандар мен ақсақалдар да жапатармағай орындарынан тұрып, далаға беттеді. Әбілқайырдың жүзінен қуаныш табы сезіледі, қалай болғанда да әкесінің тағын қайтарды, енді жауынан кегін алады.

Әбілқайырды хан сайлаған халық ханзаданы қуанышпен қарсы алды. Үйдің алдына осы жағдайға арнайы дайындалған аппақ жұқа киіз төселген. Болашақ жас хан сол киізге қарай жүрді. Жаймен келіп, ақ киіздің дәл ортасына отырды. Бүкіл жұрт рәсімнің орындалуын күтуде. Мұндай рәсімсіз бір де бір



хан нағыз әмірші болып саналмаған. Бұл – өте көне дәстүр. Ұлы Дала халқы өз басшыларын осылай сайлаған. «Әлемді дүрліктіруші» құдіретті Шыңғыс хан да осы жолмен өткен. Халық киіздің төрт бұрышын жердің төрт тұсына балаған. Жер мен жер бетіндегі халықты хан басқарады. Халықтың тұрмысының көркеюі мен әл-ауқатының жақсаруы ханның күші мен жігеріне байланысты. Хан құдіретті, ол Құдайдың қолдауымен ел билейді, сондықтан оның орны Жердің дәл ортасында. Әбілқайырдың ақ киіздің ортасына отыруының себебі осы. Ал киіздің түсі ханның ойы мен тілеуінің тазалығын, оның шыққан тегі мен әулетінің байлығын көрсетеді.

Ру, тайпалардың ішінен ең беделді төрт адам киіздің төрт бұрышынан ұстап, бір мезгілде тік көтерді. Бұл дүниенің төрт жағындағы ханға бағынған халықтың күші оған беріліп, оны нығайта түсуі тиіс дегенді білдіреді. Әбілқайырды жерден биік үш рет көтеріп, әр көтерген сайын:

– Хан! Хан! Хан! – деп жар салды.

Хан сайлау рәсімі үлкен тойға ұласты. Әбілқайыр бәйге, күрес жеңімпаздарына, жас ханның ақылы мен батылдығын жырлаған ақындарға сыйлықты аямады. Сайлау кезінде қолдау көрсеткендерді де құралақан қалдырмады. Олардың бәрі ханнан жаңа шарапат күткен еді. Бірақ қарайған халық алда қиыншылықтар мен ауыр күндердің күтіп тұрғанын сезді. Олар қателескен жоқ еді.



Барақ хан

Әзбек хандығы – Шибан ұлысында жаңадан хан сайланғаны туралы хабар шартарапқа тез тарап, Барақ ханға да жетеді. Бұл хабар өзімен бірге тағы бір қуанышты әкелген – ол ұлды болыпты.

– Атын Әбу Саид қоямын, – деді қуанған Барақ хан.

Дала дәстүрімен ұлының өмірге келгені жайлы хабар әкелген жігітке сүйінші беріп риза қылды. Маңайындағылар да оны құттықтап, нәрестеге ұзақ ғұмыр мен бақ тілеп жатыр. Бұл жаңалықтан шексіз бақытқа кенелген Барақ ханның жүрегін сағыныш пен мұң жайлады. Ол:

– Ұлымды қашан көремін? Қашан Моғолстанды тастап, елге ораламын? – деп қиналды.

Жас баласы туралы ой мемлекеттік істерді бір сәтке ұмыттырып еді, енді соған қайта оралды. Мұнда, Моғолстанда, Барақ ханды маңызды іс күтіп тұрған. Ел ішіндегі бүлік бір кездегі күшті мемлекетті әлсірете бастаған. Ұлыстар күннен-күнге Алтын Ордадан бөлініп ыдырай берген еді. Өріс ханның (оның шын аты – Мұхаммед) тұсында Орда-Еженнің иелігі де өз алдына жеке шыққан.

Өріс – мазасыз болғанымен, айтқанынан қайтпайтын қайсар мінезді хан. Атасының үлгі-өнегесімен өз мемлекетінің астанасы – Сығанақта және басқа қалаларда кезінде зәулім ғимараттарды көптеп тұрғызған.

Өріс хан елді тоғыз жыл басқарды. Ол екіге бөлінген Жошы ұлысын бір мемлекет етіп қайта біріктіруді армандайтын. Оған тіпті Алтын Орда астанасы – Сарайды аз уақытқа болса да жаулап алудың сәті түскен. Сондай-ақ Өріс хан сатқын Тоқтамыспен және оның артында тұрған Темірмен соғысады. Осындай ұрыстың бірінде Үстіртте ол жау оғынан жараланып, дүние салады. Ел-

де тағы бүлік басталды. Билік үшін күресте Шыңғыс ханның ұрпақтары да, ұрпағы еместері де қайта қақтығысады. Олардың арасында Өріс ханның немересі – Барақ сұлтан да бар.

Осы қақтығыста Барақтың жолы болмады. Қарсыластары өзінен күштірек еді. Сұлтан туған жері – Өзбек ұлысынан қашып, Әмір Темірдің немересі – ғұлама ғалым әрі әкім Ұлықбек-гүрген* мырзаға келеді. Ұлықбек өз атасының Барақтың әкесімен жақсы қатынаста болғанын білгендіктен, оны жылы қарсы алып, сарайлық ханзадалар қатарына қосады. Көп кешікпей Барақтың атасынан қалған қала – Сығанақ пен оның маңындағы жерлерді қарамағына береді. Осы жерде, яғни Сығанақта Барақ тағы да тақ үшін таласқа түседі. Ал таққа отыру үшін жолын тазарту керек. Алдымен тіпті шетелдік тақсырлардың өзі Алтын Орданың нағыз әміршісі деп санайтын Ұлық-Мұхаммедтен құтылуы тиіс. Бұл оңай шаруа емес. Бірақ Барақ бұл істің шешімін тез тапты. Ұлық-Мұхаммедтің әскерін талқандап, Ордасын жаулап алады. Көп кешікпей өзін хан деп жариялайды. Өзбек ұлысының біраз бөлігі оны мойындайды. Барақ Ұлықбек мырзаға елші жібереді. Елшілік арқылы бірнеше қаршыға, бүркіт пен асыл тұқымды сәйгүліктерді сыйға тартып, бабаларынан қалған құтты таққа отырғанын хабарлайды. Мұны естіген Ұлықбек қатты қуанады. Барақ ханды құттықтауға ең жоғарғы шенді әмірлері мен қызметкерлерін аттандырады. Олар патша құрметіне лайық қымбат сыйлықтар – алтынмен зерленген патша киімдерін, төж, белдік, қорамсақтарды, аспа бауы алтындатылған алмас қылыштарды, асыл тұқымды аттарды, шатырларды, динарлар мен дирхемдерді, туды, түрлі үй бұйымдарын және т.б. заттарды

** гүрген – моңғол шапқыншылығынан кейін хандыққа тек Шыңғыс ханның тұқымдары сайланғанмен, билік тізгіні басқа біреулердің қолына өткен сәттер де кездеседі. Соның бірі – ұлы басқыншы Әмір Темір. Оның әйелі Шыңғыс ханның тұқымынан болған. Осы жағдайды пайдаланған Әмір Темір өзінің «Әлемді дүрліктірушіге» қандай да болса жақындығын білдіру үшін атына «гүрген» – күйеу бала сөзін қосқан.*



сыйға тартады. Сонымен бірге шебер қолөнершілерін, шарапшыларын, аспаздарын да қосып жібереді.

Өкінішке орай, Барақтың билік басында отыруы ұзаққа созылмады.

1426 жылы Ұлық-Мұхаммед көп әскер жинап, Сарайды қайтарып алады.

Барақ Сығанаққа қайта оралады. Сол кезде Барақ пен оның бұрынғы одақтасы маңғыт әмірі Мансұр арасында соғыс өрті тұтанады. Қарсылық көрсетуге шамасы келмей, Барақ ханнан жеңілген маңғыт әмірі осы соғыста қаза табады. Қашып құтылған ағайын-туыстары кек алудың оңтайлы сәтін күтеді. Мансұрдың қарамағындағыларды Барақ хан өз ұлысына қосады. Оның бұдан басқа да жаулары толып жатқан, сондықтан Барақ хан одақтастар іздей бастайды. Осы ниетпен ол Моғолстанға келіп, моғолдардың әмірі Уәйіс ханмен кездеседі. Ел басшысы оны жақсы қарсы алғанымен Барақ Моғолстандағы жағдайдың нашар екенін, ұрыс-керіс, кикілжің үзілмейтінін байқайды. Уәйіс ханнан көмек күтудің бос әуре екенін түсінеді. Әбілқайырдың хан болғанын және ұлының өмірге келгенін осында жүргенінде естіген. Осы екі хабар Барақтың кері қайтуына себеп болады.

Ордасына оралған Барақты әпкелері Руқия-сұлтан мен Пайанда-сұлтан қуанышпен қарсы алады. Ұлдары Мір-Саид, Мір-Қасым мен қызы Саадат-бек жүгіріп келіп әкелерінің мойнына асылады. Барақ хан балаларын сүйіп жатып, көз қиығымен әйелін іздейді. Қолында кішкене сәбиі бар ол анадай жерде тұр екен. Барақ дүниеге жаңа келген сәбиді қолына алып құшақтап, құшырлана иіскеді.

– Таудай болып өс, үлкен ер-азамат бол, Әбу Саид! – деді ол. Көзі қап-қара, топ-томпақ сәби әкесін танығандай, Барақтың бетіне жымия қарады.

Әпкелері мен әйелінің күліп тұрғанын байқаған Барақ себепін сұрап еді, олар:

– Біз өзімізше баланы Жәнібек атап кетіп едік, – деп жауап береді.

– Онда тұрған не бар, мейлі ұлымның екі есімі болсын, – деді Барақ хан.

Барақ хан ордада бірнеше күн болды. Жырақ* елде жүргенде талай оқиға өтіпті. Көптеген дұшпандары қайта бас көтере бастаған екен. Ол іштей кеше ғана қуаныш әкелген бақыт сезімінің ұзаққа созылмайтынын сезді. Күдіктене күткен кесепат көп күттірмеді де.

Бірде түн ішінде ит үріп, адамдар дабырлап кетті. Үрейлі дауыстан шошып оянған ол:

– Не болды? – деп сұрады. Есіктен кіре иіліп тағзым еткен уәзір:

– Жаушы келді, маңызды хабар әкеліпті, – деп жауап берді.

– Кірсін.

* жырақ – алыс, шалғай, қашық.



Уәзір шығысымен, үсті-басы шаң-шаң бір сарбаз алдына келіп:

– Тақсыр, – деді қарлыққан дауыспен. – Ұлық Мұхаммед соғыспен келе жатыр.

Көп кешікпей Барақтың бұйрығымен қорғандарда белгі-оттар жағылып, жан-жаққа ат шаптырып, хабаршылар жіберілді. Ұлыстың барлық аймақтарынан атты жасақтар шығып, жауға қарсы жылжыды. Олардың арасында Барақ хан қысым-қыспақ көрсетті деп есептейтін Мансұрдың адамдары да болған еді. Олар сәтін тауып ханнан кек алмақшы.

Қарсы келген екі қол кеш батқан мезгілде кездескендіктен, әрқайсысы өз шептерін құрып, ертеңгі ұрысты күтіп жатыр. Сәлден соң ымырт үйіріліп, көз байланды. Түн қараңғылығын пайдаланып Барақ әскерінен ұрланып шыққан бірнеше адам Ұлық-Мұхаммед орналасқан қосқа жөнелді. Бұлар Мансұрдың жақтастары – бектер еді. Орталарындағы ең үлкені – қытай тайпасынан шыққан Саид Әли. Оларды қарсы қоста күтіп отырған. Келгендерді Ұлық-Мұхаммедтің алдына апарады. Жайылған бай дастарқан басындағылар Барақтың көзін қалай құртудың амалын қарастырды. Ақырында, олар кескілескен шайқас басталған уақытта Мансұрдың отыз адамы Бараққа жабылып, қожайындарының өлімі үшін кек алады деген шешім қабылдады.

Барақ хан да осы кезде ертеңгі ұрыстың тәсілін тағы бір талқылау үшін әскербасыларын жинаған. Көреген хан Мансұр бектерінің жоқ екенін бірден байқады. Көңілін күдік жайлап, оларды әр түрлі жасақтарға бөліп жіберуді бұйырады.

Келесі күні ұрыс алаңында екі жақтың алдыңғы шептері бетпе-бет сап құрғаны сол еді, қытай Саид Әли үстіндегі сауытының сыртынан қызыл түсті жамылғы жамылып, қатардан шығып, бар даусымен өз ұранын айғайлады. Тұстұсынан оған жақтастары жауап қайтарып, бір-бірін тауып, қолма-қол бір жасаққа жиналып, Барақтың қосына қарай беттеді. Бұл кезде Барақ та сатқындарға қарсы шауып келе жатқан. Қарсы жасақ болса, қорамсаларына қол салып, Бараққа садақ оғын қарша боратты. Құрлауыт тайпасынан

